



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

романтизма к символизму, от конкретных пейзажных зарисовок и пейзажей с показом углубленных субъективно-личностных переживаний до грандиозно-обобщенных символических картин, где соотношение человека, народа и природы преобразуется в антитезу человек — судьба и шире — человек — Вселенная. Исполненная огня и света, печали и тоски, она отражает ценностную ориентацию поэта, его далеко не однозначное, не одномерное отношение к миру, к бытию, к природе и составляет одну из ярких граней его поэтического мира.

В Магжане, как и в поэтах имени, живет глубокая убежденность в созидательной силе искусства, в особой миссии поэта, устрояющей мир по законам Добра и Красоты.

В контексте символистских произведений Магжан создал новые жанровые образования в казахской поэзии, такие, как триада и диада, организованные согласно принципам символистского мифомышления. Триада «Огня», «Солнца» и «Природы» отображает магжановскую модель трехэтапного развития мира, триадичного способа его формирования, при этом им затрагиваются и поэтически воплощаются кардинальные и универсальные по своей сути проблемы эпохи — проблема «Восток и Запад», бытия народа в глубине произведения и проблема поэтического искусства, предназначения поэта и его поэзии. В диаде стихотворениях о природе доминирующей идеей становится идея пути-дороги человеческой, вырастающей за рамки конкретно-единичного восприятия и интерпретирования и облекающейся затем в широко обобщенные символические формы.

#### **Список использованных источников:**

1. Сулейменов Ж. Магжан Жумабаев. - Петропавловск, 2006 г.
2. Жетписбаева А. Образные миры Магжана Жумабаева. - Алматы, 2008
3. Базарбаев М. Воскрешение мастера. Жизнь и творчество М. Жумабаева // Советская тюркология. 1990.— № 3.

ӘОЖ: 821.512.122

## **Б. МАЙЛИННІҢ ПОРТРЕТ ЖАСАУ ШЕБЕРЛІГІ**

**Ізтай Айсаяр Артықбайқызы  
Муратбаева Жансая Кенжебайқызы**  
[aysapar.iztay@mail.ru](mailto:aysapar.iztay@mail.ru)

Л.Н.ГумилеватындағыЕуразияұлттықуниверситеті  
филологияфакультеті «5В020500» - Филология: қазақ филологиясы  
мамандығының студенттері  
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Үсен А. Ә.

Бейімбет Майлин – өзінің алғашқы шығармасымен-ақ үлкен суреткер екендігін қазақ еліне паш еткен, проза жанрына көбірек ден қойған ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы жазушылар мен ақындар қауымының белді мүшесі. Б. Майлин және оның проза жанрынын қалыптастырудағы үздік шеберлігі мен еңбекқорлығын қаламгерлер қауымы бүгін де тамсана айтады. Әсіресе, қаламгер баса назар аударған әңгіме жанры Б.Майлиннің алтын қорындағы інжу-маржандарына айналды. Б.Майлин әңгімелерінің құзар шыңы не деген сұраққа келсек, ол ауыл адамдарының жаңа тұрмысқа, жаңа өмірге көшуінің қиын кезеңін терең білгірлікпен, оқырман жетік түсінетіндей қарапайым тілмен әңгімелеп берді. Ғалым З.Қабдолов: «Жер бетінде қаншама жазушы болса, сонша машық, әрқайсысының өзіне тән жазу мәнері, сөз өрнегі болуға тиіс, болмаса, соған талпыну керек. Өйткені, өзінің шығармашылық бетін белгілей алмаған, суреткерлік қолтаңбасын айқындай алмаған қаламгерді нұсқалы жазушы деу қиын», - дейді. Олай болатын болса, Бейімбет Майлин өз шығармаларында әдеби тілдің әсем үлгісін берген, көркем сөзді төгілте қолданған нұсқалы

жазушы. Эстетикалық туынды ретінде көркем сөз қорын байытты. Жазушының әңгімелері мол: «Ұлбосын», «Сары ала тон», «Сот алдында», «Әліштің пырағы», «Қызыл әскердің үйі», «Таңба», «Қара шелек», «Кенес ағасы Қамила», «Арыстанбайдың Мұқышы», «Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры», «Биғайшаның хаты», «Қалекеннің үйінде», «Көктеректің бауырында», «Колхоз қорасында», «Охрана бастығы», «Сары май», «Бейсекеңнің үйінде». Жазушы бұл туындыларында тақырыпты дараламай көп қырлы өмірдің басқа салаларына да ықпал жасарлық жаңа қадам түрінде суреттейді.

Жазушы әңгімелерінің жалпы көркемділік ерекшелігін мынадай сатыларға бөліп қарастыруға болады: 1. Майлин – шыншыл суреткер. Ол өмірде болғанды, болуға лайықтыны әңгімелеріне арқау етеді. 2. Жазушы күрделі тақырыптарды алсын, ұсақ тақырыптарды алсын, оларда қоғамның ең бірінші іргелі мәселелері тербеледі, идеялық-эстетикалық шешім табады, суреткердің тақырып таңдау мен баяндау жөніндегі бір ерекшелігі - сайып келгенде тұрмыс-салтты, әдет-ғұрыпты суреттеуге басым назар аударуы.

3. Әңгімелері тікелей өмірді жанды көрінісімен көз алдына әкелгендей болады. Көркем тәсілдердің қолданылуына байланысты жазушы әңгімелерінің көркемдік, стильдік өзгешелігі келіп шығады. 4. Жазушы кейіпкерлердің, оқиғалардың тереңдігін қайшылықтарын ашқанда оны жадағай қалпында бермей, перделеп «қызым, саған айтам, келінім сен тыңда» деген нақтылау жобасымен суреттеуге бейім. 5. Б.Майлиннің әңгімелерінде әзіл-қалжың, юмор мен улы сықақ сабақтасып отырады. Ескерте кететін жағдай жазушы әңгімелерінде әзіл-қалжың мен сықақтарды сырттан әкеп телімдемейді, олар оқиғаның барысында өзінен-өзі туып өрбиді. Бірсыпыра әңгімелерін түгелдей сатиралық стильде «Зәкіржан молда», «Қадір түнгі керемет», «Айт күндері», «Арыстанбайдың Мұқышы» т.б. жазған. 6. Сөз қорын түрлі тәсілдермен мағынасын ауыстыра, әсерлілігін арттыра суреттеудің де көп мәні бар. Осы жағдайды ескерген жазушы синоним, омонимдерді шебер тәсілмен қолданады. Троптар да әңгімелер мәтінін жандандырып отырады. «Күніне қырық пышақтасып отырса да, дүниеде содан артық тұрмыс бар деп ойламайды». «Күн түнеріп, тұлданып шарасына сыймай тұрған тәрізді», «Бәрекелді сөз – ақ –ау, Сейпенге қайсың тегін еңбек сіңіріп едің?», - деп әлгі шермейген қарын түтіге түсті». Б.Майлин әңгімелерінің құрылысы түрліше болып келетінін шығармаларынан анық байқаймыз. Бірде жазушы сюжеттік оқиғаны қайшылығы асқынған орта тұсынан бастап, оқушыны күнделіктің қат-қабатына тікелей енгізіп жібереді. /«Айранбай», «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры»/. Кейде әңгіме экспозициядан, кіріспеден басталады, сюжетті оқиға біртіндеп дамып шиеленеседі. /«Көк теректің бауырында», «Ұлбосын», т.б./. Кейде оқиға бірінші жақтан, көбіне автордың аузынан жол әңгімесі түрінде баяндалып, сюжеттік оқиға біртіндеп асқынып шиеленеседі. /«Бейсекеңнің үйінде», «Қалекеннің үйінде»/. Кейбір әңгімелері қылмысты оқиғалармен /детективпен/ байланысты келіп отырады. Мысалы, «Охрана бастығы», «Сары май», «Бір суреттің тарихы» әңгімелерінде сюжет қылмыстылардың ұсталуымен, әшкереленуімен байланысты дамиды. «Бейімбет шығармаларындағы теңеулердің табиғаты да бөлек. Өмір бойы мал баққан елде малдың қасиеттерін, кейбір көріністерін характерге жапсыру бар», - дейді жазушы тілінің ерекшелігі туралы пікір білдіруші І.Омаров [3, 213б].

Б.Майлиннің аты аталған уақытта еске алғашқы болып түсетін ең басты, көпшілік жадында сақталған негізгі кейіпкерлері Күлпаш, Айша, Түйебай, Мықтым мен Талтаңбай және барлық әңгімелерінде байдың образы Ыбырай –нағыз өмір шындығы. Мәселен, «Қара шелек» негізгі кейіпкерлері Айша мен Бірмағамбет. Екеуінің де басынан кешіргені жоқ, әсіресе Айша, малайлықты да, күндігінді де, байдың таяғын да, бәйбішенің бақыруын –бәрін басынан кешірген. Үй болып, от түтетіп отырғандарына енді үш жыл болса да, жиған екі-үш қарасы, кішігірім жиған дүниесі бар еді. Кейеуінің айтқанын мақұл көретін Айша ойламаған жерден «Коллектив боламыз!» дегенді бірден қолдаған ауыл шаруаларының жиылысында қалай сөз сөйлегенін де, қалай сол коллективтің басшысы да болып кеткенін өзі білмей қалып еді. Бұл жағдайда Айшаның аңқаулығы –келіп отырған басшылардың бірер сөз мақтауын естіп, соны жақтай түсуі, сонымен бірге істің мән-жайына жетпей тұрып бұны

Бірмағамбеттің қолдауы анық деп өзгелердің пікірін жоғары қойуы деп білемін. Егерде сол жерде дұрыс ойлап шешім шығарғанда, мүмкін, әрең қолдары жеткен қара шелегі мен Бұзаубайдан құшақтап алған ала сиыры да ортақ мүлікке салынбай, өз меншігінде қалушы ма еді?! Айшаның бар ойлағаны көрші қара тоқалдың бұл жылдар бойы жинаған мүлігіне ортақтасуы мен Қожағұлдың «Сотқа берсем, қайтесің?»- дегені өзегін өртеп жатыр еді. Көп ойынан менің де ойлағаным шықсын деп белсенді болған Айша кейіннен өз ісіне іштей өкінген секілді. Бірақ күйеуі Бірмағамбеттің де көппен бірдей ойлауы –Айшаның көңілін жайландырғандай болды. Жазушы «Қара шелек» әңгімесінде колхозға ұйымдасудың бір көрінісін шынайы суреттеуі, колхоздастырудың оңай болмағандығын бір ауылдағы осы оқиға арқылы беруі– нағыз шеберлік.

Б.Майлиннің кейіпкерлері сан қилы: біреу коллективтендіруде жүрсе, біреуі айт күнінде аштықтан жапа шеккен, үшіншісі молданың шыбығынан таяқ жеген Түйебай, тағы біреуі сары майды ортақ тамақтан тығып алып жеп жүрген Ыбырай бай.

«Түйебай» әңгімесінің негізгі кейіпкерлері автор мен Түйебай –заманның таптық көрінісін көрсетушілер.Баяндаушы аса бай болмаса да еркелеткен әжесінің кенже немересі болып ауыл молдасынан еш таяқ жемейді. Оның себебі еркелеткен әжесі бес-он тиын беріп, бейсенбі сайын молданы үйіне шақырып, паралап немересін ұрмауын өтінеді. Ал Түйебай болса кедей отбасынан шыққан бала оқуға зерек болса да, дәріске кешіккені үшін таяқ жеуші еді. Жанына қатты батқан Түйебай «Шоқынып кетсем де, енді молданың алдын көре алман!»-деп ант ішу оның алдағы бүкіл өмірін өзгертіп жіберді. Әкесі мен ағасы секілді бір байдың үйіне жалшы болып кете барды. Түйебай – кедей, бірбеткей, қорғансыз, өзін бақытсыз деп санайтын сол заманның құрбаны болған кейіпкер. Дәл осы секілді жағдайды басынан кешірген балалар қаншама десеңізші! Бұл да Бейімбет кейіпкерлерінің өз заманында көрінген тағы бір тұсы.

«Оңай олжа» әңгімесіндегі кейіпкерлер қазақ шаруасы мен орыс шаруаларынан құралған. Қазақ шаруаларының есімдері мән беріліп аталмаған, орыс шаруалары – Степан мен Метрапан. Степан – киімі дұрыс болмаса да, қазақ шаруаларының ішінде беделге ие, бір жерден жүз пұт алатын нағыз диханшы. Қазақ шаруаларын жалдап жер жырттырып, жұмысын істететін ақылды басшы секілді. Метрапан болса, қазаққа ұнды жалға беруші диірменші. Бұл кейіпкерлер бір жағынан, қазаққа үлгі болсын, солардай еңбек сүйейік деген мақсатта алынса, екіншіден, орыс халқына бодан болмайық деген түрткі ой салатын секілді.Болмаса, оның шығармаларындағы топас белсенділер ше? Өздері ештеңенің жөн-жосығын түсінбесе де, мансапқа қызығып, көп нәрсені бүлдіреді. Ондайлар «шаш ал десе, бас алуға әзір», айғайға, зорлыққа үйір келеді. Өткен ғасырдың жиырмасыншы-отызыншы жылдарындағы елімізде орын алған нәубетке осындай жандайшаптардың да айрықша себепкер болғандығын дәлелдеп тұр. Жазушының бір ғана «Арыстанбайдың Мұқышы» деген әңгімесін алайықшы. Мұқыш арқылы «белсенді» алаяқтың тұлғасын қашап берген. Болмаса, Талтаңбайды алайық. Академик Зейнолла Қабдоловтың: «Жоқ, Талтаңбай – жай ғана «шолақ белсенді немесе «зиянсыз мылжың» емес, әлеуметтік жағынан қауіпті, жауапсыздығы жауыздыққа ұласқан зиянкес. Оның «шаш ал десе, бас алатын» эпербакандығының арғы жағында саяси бұзақылық жатыр. Қай кезде де түсін өзгертіп, тонын айналдырып шыға беретін бюрократизм, валюнтаризм, тағы басқа кертартпа «измдер» осылардан өрбиді» дегені бар.

Бейімбеттің әңгімелеріндегі колхоз бастығы Досан, ауылдық кеңестің төрағасы Зәуре, партия ұясының хатшысы Орынбай, одан бөлек, Мұқыш, Күлпәш, Мақтым, алаяқ Көдебай, Әліш, Пүліштердің тағдыры арқылы колхоздастыру дәуірінің күрделі өмірі көз алдымызға келетіні жасырын емес. Бүгінгі шығармалардан алаяқ Көдебайдың образдары дәл осылай елес берсе, әдебиеттің көркемдігі ашылар еді ғой дейді бір ойымыз.

Б. Наурызбаев:«Сыртқы сұлулық үшін сөз тізбегін жоқтан қиыстыруға автор бармайды. Оның әрбір сөзі, сөйлемі жатық, табиғи, қаламынан ешбір кідіріссіз, тау бұлағындай тоқтаусыз төгіліп отырғандай әсер береді» [2, 172б]. Қазақ әдебиетінің алып бәйтерегі болып табылатын Бейімбет Майлиннің шығармашылық шеберлігі әрине, осы айтылғандармен ғана



шектелмейді. «Себебі, ол төл әдебиетімізде өзіндік мектебі, мәнері, шәкірттері бар қаламгер. Бұл бақыт – кез келген жазушының маңдайына жазыла беретін қасиет емес. Ал, біздің Бейімбет – сондай бақытты қасиеттің адамы» [3, 213б]. Белгілі әдебиетші-ғалым Б.Кенжебаев жазушы мұрасына қатысты: «Жалпы Бейімбеттің таланты, шығарымпаздық шама-шарқы тереңнен бірқалыпты бұрқылдап қайнап шығып жатқан, ешқашан тартылмайтын көп көзді, төбесі күн сәулелі аспан, төңірегі көкөрай шалғын көк бұйра ағаш, солар бетінен айнадағыдай көрініп тұратын үлкен мөлдір бұлақ тәрізді», - деп пікір білдіреді. «Майлин – қазақ кедейінің, жұмсақ юморы, халық даналығы дарыған, еңбекқор және арманшыл қарапайым ауыл қазағының ойы мен мүддесін білдіруші», - деген З.Шашкин пікірі суреткер шығармашылығының негізгі идеялық түйінін, басты ерекшелігін көрсетіп тұрғандай [4, 207б].

Сонымен, әдебиет – ар-иман, инабат құралы. Бейімбет Майлин қаламынан туған шығармалар қазір де өзектілігін жоймай, бүгінгі күн мәселелеріне жауап бере алады. Өйткені, оның шығармаларының тамыры тереңде, халық тағдырымен біте қайнасып жатыр. Қаламгер қандай мәселені көтерсе де арқауында шындық жатыр. Бейімбет шығармашылығын зерттеушілердің бірі Тоқтар Бейісқұлов қаламгердің бұл шеберлігінің сыры туралы өзінше ой қорытып: «Әдетте нағыз қаламгер көп жүргенді, елді, жерді аралағанды, өмірді өз көзімен көруді қалайды, барлап, зерттеп ой қорытады. Сондықтан да ол үнемі өмірден өз кейіпкерін іздейді. Жүрген жолында, болған жерінде әрқилы тағдырлы адамдармен кездесіп, олардың мінез-құлқын, іс-әрекетін, тұрмысын бақылап, жүрек түкпіріне түйеді», - дей келе негізгі себеп – жазушылық пен журналистікті ұштастыруда деп түйіндейді. Қаламгердің мазмұны терең, көркемдігі кестелі, ойы ұшқыр туындылары талай ұрпақтың рухани азығына айналып, сан алуан зерттеулердің нысаны болып, өз мәнділігін мәңгілік жоймайтынына, талай оқырманның көкірек көзіне ой салып, көңілінен шыға береріне, сөз өнерінің қиын да күрделі жолына түскен өнер адамдарының бағыт алар темірқазығы болары анық.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қабдолов З. Сөз өнері А., «Қазақ университеті», 1992- 352 б.
2. Наурызбаев Б. Қазақ прозасындағы Б.Майлиннің прозасы А., 1967-255 б.
3. Омаров І. Бейімбет хақында бірер сөз. 1988- 397 б.
4. Би аға. (Бейімбет Майлин туралы естеліктер), Құраст.Бейісқұлов Т, А.,1991- 304 б.

ӘОЖ 81' 354

### **Ж. АЙМАУЫТОВТЫҢ «АҚБІЛЕК» РОМАНЫНДАҒЫ АҚБІЛЕК ПРОТОТИПИ**

#### **Кенжебай Аяулым Қасымқызы**

[aiaulym\\_02\\_97@mail.ru](mailto:aiaulym_02_97@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

филология факультеті «5В020500»- филология: қазақ филологиясы мамандығының студенті,  
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ. д., профессор Үсен А. Ә.

«Ақбілек»-романы – қазақ ауылындағы дүрбелең жылдар шындығын, олардың дәстүрі мен тұрмысын, жекелеген адамдардың іс-әрекеттері мен қарым-қатынастарын, әсіресе негізгі тұлға – Ақбілектің қызығынан қиындығы мол өмір жолдары жайында мұң мен шер де, сыр да толғайтын туынды». «Ақбілек» романы – өткен ғасыр әдебиеті болса да бүгінгі күнгі оқырмандарың жалықтыра қоймай, керісінше, қызығушылығына ие болған және аса шеберлікпен жазылған көркем туынды. Ақбілек образы көпшілік үшін тек кітап шеңберіндегі оқиға желісімен ғана таныс. Ақбілек бейнесін жасаған Жүсіпбек Аймауытовтың адамның жан дүниесін сондай шынайы беруі – оның асқан психолог екенін